

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) осымен өзінің акционерлерін Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, (Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері) акті залы, 3-қабат мекен-жайы бойынша 2018 жылдың «22» қаңтарында 10 сағат 00 минутта мынадай күн тәртібімен өткізілетін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі - Жиналыс) шақыру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды:

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларын қоғам сатып алу кезіндегі олардың құнын белгілеудің әдістемесі туралы.

Қоғамның директорлар кеңесі Жиналысты шақырудың бастамашысы болып табылады (2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 32 шешім).

Жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты – 2018 жылдың 22 қаңтары 9 сағат 00 минут.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеудің аяқталу уақыты – 2018 жылдың 22 қаңтары 9 сағат 45 минут.

Кворум болмаған жағдайда Жиналыс осы күн тәртібімен осы мекен-жай бойынша 2018 жылдың 23 қаңтарында 10 сағат 00 минутта өткізілетін болады.

Жиналысқа қатысуға құқы бар акционерлердің тізімі жасалған күні мен уақыты – 2017 жылдың «22» желтоқсанда 00 сағат 00 минут.

Күн тәртібінің мәселесі бойынша материалдармен акционерлер Жиналыс өткізілетін күнге дейін кем дегенде 10 күн бұрын Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 5-ші қабат, 507 кабинет мекен-жайы бойынша Қоғамның ғимаратында жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ www.kmgep.kz сайтында таныса алады. Қоғамның акционері сұрау салған жағдайда Жиналыстың күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдар ондай акционерге сұрау салу алынған күннен бастап 3 жұмыс күнінің ішінде жолданатын болады, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге арналған шығыстарды акционер өзіне алады.

Жиналысты өткізудің тәртібі:

- Жиналыс келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізілгеннен кейін ашылады. Акционердің өкілі оның Жиналысқа қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхат ұсынуы қажет. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворум белгілеу кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқы болмайды;

- басымдықты акцияның меншік иесі болып табылатын акционер Жиналысқа қатысуға және ол қарастыратын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы;

- шақырылған адамдар Жиналысқа қатыса алады, бұл ретте ондай адамдар Жиналыс төрағасының рұқсатымен Жиналыста сөз сөйлеуге құқы бар;

- Жиналыс кворумның болуы шартымен жарияланған уақыт бойынша ашылады;

- Жиналыстың төрағасын сайлауды Жиналыс жүргізеді. Жиналыстың хатшысы Қоғамның корпоративтік хатшысы болып табылады;

- Жиналыс өз жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс уақытын ұзарту туралы, оның ішінде Жиналыстың күн тәртібінің мәселесін қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқы бар;

- Жиналыс күн тәртібінің мәселесі қаралғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

Жиналыс өткізудің өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Қоғамның Жарғысында айқындалған.

Күн тәртібінің мәселесі бойынша сырттай дауыс беру қарастырылмаған.
Жиналыс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының
35-52 баптарына сәйкес өткізіледі.